

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Журналистика факультеті
Баспағерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы

«ЗАМАНАУИ ЖАРНАМА ДИЗАЙНЫ»
пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің ID: **86668**

«6B02102 - Дизайн»
білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: бакалавр
Курс – 4
Семестр – 7
Кредит саны – 5

Өзірлеген: аға оқытушы Серікбай Б.Ф..

Алматы - 2024

1. ПӘННИҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты: Заманауи жарнама дизайнын жобалауды үйрету. Курсты оқу барысында студенттер мынандай қабілеттерін қалыптастырады: - электронды басылымдармен редактордың жұмыс ерекшелігі; - заманауи электронды басылымдарды редакциялаудың негізгі әдістері; - электронды басылымдарды редакциялау саласындағы компьютерлік технологиялардың қазіргі жағдайы, даму тенденциялары туралы идеялар; - электронды басылымдарды, жанрлар, формалар, сипаттамалар, форматтар туралы жалпы ой-пікірлерді дайындау. - мәтіндік, графикалық және мультимедиялық материалдармен жұмыс жасай білу. Пәнді оқу кезінде мынандай аспектілерді менгереді: электрондық басылымдардың ерекшелігі; электрондық басылымдарды жалпы дайындау және редакциялау әдістері.

ЕМТИХАН ТАПСЫРУШЫ СТУДЕНТКЕ БЕРИЛГЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Авторлық Жарнама, саяси және әлеуметтік плакаттар дизайнын жобалау және оларды басып шығару. 12 дана

Ескерту: Композициялық заңдылықтарды ескере отырып, электронды форматтарда сактау. Сондай-ақ колористикалық шешімді белгілеу кезіндегі түсті рефлекстерге мән беру.

Негізгі әдебиеттер:

1. Фисенко В.Т., Фисенко Т.Ю., Компьютерная обработка и распознавание изображений: учеб. пособие. - СПб: СПбГУ ИТМО, 2008. – 192 с.
2. Мұхамеджанов Д.М. Дизайнердің көркемдік шығармашылығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019
3. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Телерадиокешені - толық жабдықты медиа-продакшн: альбом-каталог / Д.М. Мұхамеджанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

Интернет-ресурстар:

1. <https://e-asveta.adu.by/index.php/distancionni-vseobuch/obuchenie-online/sredstva-vizualizatsii-informatsii/98-fotokollazh>
2. <https://autogear.ru/article/156/314/fotokollaj---eto-novovvedenie-v-mire-fotografiy-sposobyi-ego-sozdaniya/>
3. <https://sveres.ru/articles/kompozitsiya/osnovy-kompozitsii-v-dizayne-chto-takoe-kompozitsiya.html>

1. www.polygraphiya.ru
2. www.news.pechatnick.ru

1. Онлайнда: Қосалқы теориялық оқу материалдар мен үй тапсырмаларын орындауға берілетін материалдарды univer.kaznu.kz. сайтындағы ПОӘК- нен алып, қолдануға болады.

Қосымша интернет-ресурстар:

4. Әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттүқ университетінің www.kaznu.kz сайты
5. Электронды білім беру www.univer.kz сайты

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБА/ONLINE/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Шығармашылық жоба online-offline. **Платформасы:** Moodle ҚОЖ.

Пән бойынша қорытынды емтихан екі кезеңде шығармашылық жоба түрінде өткізіледі. Оқытушы тапсырманы құрастырады, емтихан өткізудің бағдарламасы мен ережелерін дайындаиды.

2.1.1. Бірінші кезең - онлайн, яғни білім алушы университеттің ресми ақпараттық-білім беру жүйесі (Moodle ҚОЖ) арқылы тапсырманы алады, орындалған тапсырма есебін сілтемесімен бірге осы жүйеге (Moodle ҚОЖ) жүктеп тексеруге жібереді.

2.1.2. Екінші кезең - оффлайн, дайындалған шығармашылық жұмыстарды көрмеге әкеліп қойып, кафедра ұстаздарының назарына ұсынады. Ұстаздар әрбір студенттің жұмысына қарап бағалап, өз пікірлері мен ұсыныстарын жеткізеді.

2.2. Шығармашылық емтиханның мақсаты: «Заманауи жарнама дизайны» атты шығармашылық бағыттағы пәнді оқу кезінде менгерген оқу нәтижелерін, шеберлікті, дағдылар мен құзіреттіліктерді көрсету, өз көзқарасын дәлелдей білу.

2.2.1. Жұмыстың түпнұсқалығын тексеру. Студенттің емтихандық жұмысты өзі орындағанын осыған дейін дайындаған жұмыстарымен салыстыру арқылы да анықталады. Студент осы пән бойынша семестр бойы дайындаған дизайнерлік жұмыстарын оқу жылының сонына дейін сактауға міндеттеледі.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

2.3.1. Заманауи бейнелеу өнерінің негізгі түрі – дизайн және медиадизайнның бағыттарын, түрлері мен жанрларын сұрыптауды үйренеді.

2.3.2. Дәріс барысында дизайнның бірнеше саласына тәжірибе жүзінде машиқтанатын болады. Дәріс барысында дизайн үшін қандай құрал-жабдықтар қажет болатындығын және оларды қалай пайдалану керектігіне тәжірибе жүзінде машиқтанатын болады. Түрлі тақырыптар бойынша тапсырмалар жасап үйренеді.

2.3.3. Алған білімдерін зерттей отырып белгілі бір жоба бойынша талдау жүргізу, өз ойын дәлелмен жеткізе білуді, дизайн және медиа дизайн салаларының өзіндік тиімділігін анықтауды үйренуге қабілетті болады.

2.3.4. Пәндік бағдарлама бойынша қолданылатын тәжірибелік тапсырмаларды орындау және талдау үшін эксперименттерді жасау, жобалау проблемаларын шешу.

2.3.5. «Заманауи жарнама дизайны» пәні студентті дизайннер ретінде жан-жақты әрі толыққанды білім иесі болып шығаруға бағытталған.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. «Заманауи жарнама дизайны» пәнінде берілген тақырып бойынша компьютерлік бағдарлама арқылы әртүрлі бағыттағы студенттік шығармашылық тапсырмаларды орындау көзделген.

2.4.2. Жарнама, саяси, әлеуметтік плакаттар түрлерін жасағанда түстің қанықтылығын, негізгі және қосымша, жылы және суық түстерді пайдалануға болады.

2.4.3. Затындарды көрмеге дайындағанда барлық композициялық заңдылықтарын сақтай отырып, егер қағаздан жасалатын болса дұрыстап басып шығарып, соңғы бетінің астына өзінің аты-жөнін, жетекшінің ат-жөнін және қай жерде қашан дайындалғанын жазып көрсетуі қажет. Ең бастысы берілген тапсырма тақырыбы мен мазмұны үйлесім табуы тиіс.

2.4.4. Көрмеге шығармашылық тапсырманың басып шығарылған нұсқасы қойылатын болады.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Заманауи жарнама дизайны; **Емтихан формасы:** Шығармашылық жоба online-offline. **Платформасы:** Moodle ҚОЖ.

№	Балл Критерий	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1	Жобаның авторлық дизайннерлік идеясы.	Плакаттарды дайындау кезінде мазмұны, композициялық заңдылықтарға сәйкес орналастырылуы, пропорция мен симметриялық құрылымына өте жақсы мән берілген, креативтілік бар	Плакаттарды дайындау кезінде мазмұны, композициялық заңдылықтарға сәйкес орналастырылуы, пропорция мен симметриялық құрылымына жақсы мән берілген, креативтілік бар	Плакаттарды дайындау кезінде мазмұны, композициялық заңдылықтарға сәйкес орналастырылуы, пропорция мен симметриялық құрылымына қанағаттанарлық деңгейде мәне берілген	Тақырыптың мазмұны толық ашылмаған, композициялық заңдылықтарға сәйкес орналастырылуы, пропорция мен симметриялық құрылымына мән берілмеген	Тақырыптың мазмұны ашылмаған, композициялық заңдылықтарға сәйкес орналастырылуы дұрыс емес
2	Жобадағы қаріп гарнитураларының ерекшеліктері мен түстөрдің әсері, және олардың заманауи технологияда орындалуы.	Плакаттарды жасау кезінде дұрыс компоновка жасалған, қажетті тақырыпшалар талапқа сай өте жақсы дайындалған	Плакаттарды жасау кезінде дұрыс компоновка жасалған, қажетті тақырыпшалар талапқа сай жақсы дайындалған	Плакаттарды жасау кезінде дұрыс компоновка жасалған, қажетті тақырыпшалар талапқа сай қанағаттанарлық деңгейде дайындалған	Плакаттарды қанағаттанарлықсыз деңгейде дайындалған	Плакаттарды дайындау қанағаттанарлықсыз деңгейде өте нашар дайындалған
3	Композицияның негізгі үйлесімі мен түрлері, креативті идеялары мен сапасы.	Плакаттарды жасау семестр басында басталғандықтан жанжақты, яғни әрбір айдары мен бөлімін ашып көрсетуге болады	Плакаттарға қажетті тақырыпшаларды таңдағанда семестр бойы жасаған түрлі рилстарды скринданап алуға болады	Әр кез берілген тақырыпқа жанжақты ойланып кіріскең маңызды	Плакаттарды дайындауда өзіндік ерекшеліктерін ескерген жөн	

Корытынды бағалауды есептеу формуласы:

Корытынды баға (ҚБ) = $(\%1 + \%2 + \%3 + \%4 + \%5 + \%6) / K$, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, K-критерийлердің жалпы саны.

Корытынды балды есептеу мысалы

№	Балл Критерий	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанагаттанарлық»	«Қанагаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1.	1 критерий	100				
2.	2 критерий		75			
3.	3 критерий			60		
4.	4 критерий				45	
5.	5 критерий	100				
6.	6 критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	$200 + 75 + 60 + 94 = 429$ $429 / 6$ $\text{критерийлер} = 71,5$ $\text{Қорытынды балл \%} = 72$

Есептеу кезінде алғынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. 70 баллдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оку жетістіктерін есепке алуды бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «Жақсы» **70 баллға** бағаланатын болады.

Декан _____ Қ. Әуесбай

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы _____ М. Негізбаева

Кафедра менгерушісі _____ А. Рамазан

Дәріскер _____ Б. Серікбай